



БАС ШАҒАРДЫҢ
ТАЗАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ТУРИЗМ ҚАЛАЙ
ТҮЛЕЙДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ПОЭЗИЯҒА ТЫНЫШ
КЕЛІП, БЕК БОП ШЫҚТЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Білімнің болса-дағы ұшан-теңіз,
пайдасы жоқ халқыңа қызмет
етпей.

Шал ақын

”

№67
(4811)
Сейсенбі
10 маусым
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰБТ ҚАШАН ӨТЕДІ?

Ғылым және жоғары білім министрлігі талапкерге арналған күнтізбені жариялады.

Негізгі ҰБТ 16 мамыр-7 шілде аралығында, ЖОО-ға құжаттарды қабылдау 20 маусым-25 тамыз аралығында өтеді.

«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» мамандықтарына түсушілер үшін арнайы емтихандар 20 маусым-20 тамыз аралығында (конкурсқа қатысу үшін 20 шілдеге дейін) өтеді. Шығармашылық емтихандарға қатысу үшін өтініштер 20 маусым-10 тамыз (конкурсқа қатысу үшін 7 шілдеге дейін) аралығында қабылданады. Шығармашылық емтихандар 7 шілде-15 тамыз (конкурсқа қатысу үшін 20 шілдеге дейін) аралығында өтеді. Білім беру гранттары конкурсына қатысуға өтініштер 13 шілде-20 шілде аралығында қабылданады. Грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.



ОҚУШЫЛАРҒА ЖҰМЫС ҰСЫНАДЫ

«Электрондық еңбек биржасы» порталында жазғы уақытта жұмыс істегісі келетін 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған «Менің жазғы демалысым» атты арнайы бөлім жұмыс істей бастады.

«Бұл бөлім оқушылар мен студенттерге жазғы демалысты тиімді өткізіп қана қоймай, алғашқы еңбек тәжірибесін жинауға және еңбек дағдысын дамытуға мүмкіндік береді» деп жазды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен. Енді жазғы каникул кезінде жұмыс істеп, табыс тапқысы келетін оқушылар «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы өздері қалаған жұмысқа өтініш беріп, жұмысқа кірісуіне болады.

JOLTAP – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Елордада жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобаның бірі – Joltap. 2023 жылдан бері оның аясында астаналық тұрғындарға жаңа мамандықтарды тегін меңгеруге, өз ісін ашуға, жұмыс табуға және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алуға мүмкіндік беріліп келеді.

АЛДАҒЫ ЖЫЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Бас қалада LRT құрылысы қарқынды жүріп жатыр. 2026 жылы жеңіл рельсті көлік алғашқы жолаушыларын тасымалдай бастайды. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек айтты.



«Қыркүйек айында біз техникалық іске қосуды жоспарлап отырмыз. Әрі қарай 3 айдан 6 айға дейін іске қосу-жөндеу жұмысы жүргізілуі тиіс. Жыл аяғына дейін аталған жұмыстар аяқталады деп ойлаймыз. Қосымша келер жылдың қаңтар-ақпан айы қосылуы мүмкін. Бірақ келесі жылдың бірінші тоқсанының соңында жолаушылар LRT қызметін пайдалана алады» деді елорда әкімі.



ҮЗДІК ЖҰМЫСШЫЛАР АНЫҚТАЛАДЫ

Астанада «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында өтетін «Еңбек жолы» байқауына өтініштер қабылдау басталды.

«Еңбек жолы» байқауы 3 аталым бойынша өтеді. Атап айтқанда, «Үздік еңбек династиясы», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» және «Өндірістің үздік жас жұмысшысы» аталым-

дары бойынша үздіктер анықталады. Өтініштер 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады. Толық ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 55-68-05, 55-68-34, 55-68-11.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 582.79 \$ USD/KZT 510.19 ₪ RUB/KZT 6.46 ¥ CNY/KZT 71.08

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЕУРОПАДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ СЕРІКТЕСІМІЗ

«Болгария – Қазақстанның Еуропадағы ең маңызды серіктестерінің бірі. Екі елді тамыры терең саяси және экономикалық ынтымақтастық байланыстырады. Әртүрлі саладағы екіжақты қарым-қатынастарымыз тұрақты дамып келеді. Мұны сенімді саяси диалогтан, парламенттер арасындағы нәтижелі ықпалдастықтан, сауда мен инвестицияның қарқынды өсуінен, халықтарымыздың байланысы мен әлемдік қоғамдастықтағы өзара қолдаудан анық аңғаруға болады. Екіжақты сауда айналымының артып келе жатқаны қуантады. Бұл – жақсы үрдіс. Біздің нарықта 60-қа жуық болгар компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Қазіргі уақытта біз тау-кен өнеркәсібі, өндіріс, көлік және құрылыс салаларында жемісті ынтымақтастық орнаттық. Энергетика, транспорт және логистика, жасыл энергия, атом өнеркәсібі, ғарыш, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, денсаулық сақтау, туризм секілді перспективті салалар бойынша ықпалдастықтың әлеуеті зор» деді Қазақстан Президенті.

Румен Радев қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді. Сонымен қатар елдеріміздің арасындағы серіктестік деңгейіне жоғары баға беріп, барлық салада байланысты жандандыруға ниетті екенін жеткізді.

«Болгария екі ел арасындағы дәстүрлі әрі табысты байланысты жоғары бағалайды. Мемлекетімізді өркендетуге бағытталған ауқымды реформаларыңыз бен көреген саясатыңызды қолдаймын. Біз Қазақстанды Орталық Азиядағы басты серіктесіміз санаймыз. Сіздердің осыған дейінгі табыстарыңыз таңғаларлық: экономикаларыңыз қарқынды өсіп келеді, инновация, ғылым, білім, жоғары технология салаларында зор табысқа жеттіңіздер. Кеше мен Ғарыш орталығын аралап көрдім. Сіздердің жетістіктеріңізден жақсы әсер алдым» деді Болгария Президенті.

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ – ЫҚПАЛДАСТЫҚТА

Қазақстан мен Болгария президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті атап өткендей, Румен Радевтің елімізге үлкен делегацияны бастап келуі екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін береді. Мемлекет басшысы тауар айналымының тұрақты өсіп келе жатқанын, сондай-ақ оны ұлғайтуға мол әлеует бар екенін айтты. Статистикаға сәйкес, биылғы төрт айда өзара сауда-саттық көлемі 83 миллион доллардан асты, ал бытыр бұл көрсеткіш төрт есе артып, 375 миллион долларға жеткен.

«Қазақстан экономикалық ынтымақтастықты әртараптандыруға және энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық



САН ҚЫРЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Болгария Президенті Румен Радевті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Шағын құрамадағы келіссөздер барысында Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-болгар серіктестігін одан әрі нығайту тұрғысынан Румен Радевтің сапарына айрықша мән беретінін атап өтті.

сақтау мен туризм салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бейлі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент болгар компанияларымен, инвесторларымен өзара ықпалдастықты қолдайтынның жеткізіп, бұл ретте Сауда экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия негізгі рөл атқаратынына тоқталды.

Румен Радев қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдіріп, Болгария мен Қазақстанның сан қырлы ынтымақтастығының көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік мол екенін атап өтті.

«Болгария Қазақстанды Орталық Азиядағы басты стратегиялық серіктесі санайды. Табыстың кілті – ықпалдастықта. Екі ел, сондай-ақ Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты дамытуда мемлекеттеріміздің стратегиялық тұрғыдан орналасуына арқа сүйеуіміз қажет. Бұл Азия мен Еуропаны байланыстыруда маңызды рөл атқарады» деді Румен Радев.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібіндегі мәселелер кеңінен талқыланды. Тараптар серіктестікті одан әрі нығайтуға және қазақ-болгар қарым-қатынастарын дамытуға ықпал ететін жаңа бастамаларды жүзеге асыру ниетін растады. Келіссөздерден кейін мемлекеттер басшыларының қатысуымен

мынадай құжаттарды алмасу рәсімі өтті: 1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Болгария Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту бойынша өзара түсіністік туралы меморандум; 2. Астана мен София қалалары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум; 3. Шымкент және Пловдив қалалары арасында бауырластық қарым-қатынас орнату туралы меморандум; 4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен Болгария Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатия институты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум; 5. «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Болгарияның сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

ЖАН-ЖАҚТЫ БАЙЛАНЫС БЕКИ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Болгария Президенті Румен Радев БАҚ өкілдері алдында сөз сөйледі. Президент ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келгені үшін Румен Радевке шынайы ризашылығын жеткізді.

«Болгария – Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Біздің ықпалдастығымыз мызғымас достық пен түсіністікке негізделген. Жалпы, Қазақстан Болгарияны стратегиялық маңызы бар серіктес ретінде қабылдайды және сіздің мемлекетіңізбен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға үлкен мән беруде. Қазақстан мен Болгария арасында дипломатиялық қатынас орнағанына өткен аптада 33 жыл толды. Сіздің сапарыңыз осы мерейлі межеге тұспа-тұс келіп отыр. Осы уақыт ішінде біздің елдеріміз барлық деңгейде өзара сенім рухындағы саяси диалог орнатты. Нақты шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Екі елдің сауда экономикалық және инвестициялық байланыстары нығая түсті» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан түрлі этностар қатарында болгар ұлтының өкілдері де бар. Осы ерекше байланыс халықтарымыз арасындағы ынтымақтастықты арттыра түседі. Президент қос мемлекеттің халықаралық ұйымдар арасындағы ықпалдастығы да кеңейіп келе жатқанына тоқталды. Жан-жақты әрі сенімді серіктестік алдағы уақытта да беки бермек.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөз мазмұнды болғанына, нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне мән берді.

«Атап айтқанда, сауда-экономика және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге баса назар аудардық. Екі ел арасындағы алыс-беріс өсіп жатыр, бұл – жақсы үдеріс. Елімізде 60-қа жуық болгар компаниясы бар. Олар түрлі салада табысты жұмыс істеп жатыр. Дегенмен елдеріміздің экономикалық әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Сондықтан бұл көрсеткішті ұлғайта түсуге мол мүмкіндік бар. Біз өзара сауда-саттық көлемін арттыра түсуге келістік. Қос мемлекеттің мүддесіне сай келетін жаңа инвестициялық жобаларды пысықтауға уағдаластық. Әсіресе, мұнай-газ, жаңартылатын энергия, «жасыл» энергетика, атом өнеркәсібі, цифрландыру, инновация, жасанды интеллект, ғарыш саласы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдени-гуманитарлық байланыстар және туризм сияқты са-

ықпалдастығын нығайту үшін «Қазақстан – Болгария» іскерлік кеңесін құруды ұсындым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛОРДАДА СОФИЯ КӨШЕСІ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық, білім беру және өңіраралық байланыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласқанын жеткізді. 2018 жылы София қаласында Астана көшесі пайда болды. Енді жақын арада елордада София атты көше ашылмақ. Президенттің айтуынша, жалпы, келіссөздер табысты өтті деуге толық негіз бар. Бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Жасалған келісімдер нәтижесінде екі елдің ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтерілмек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Румен Радеппен аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді де талқылағанын айтты.

«Әлемдегі көптеген түйткілге қатысты екі елдің ұстанымы ұқсас. Біз бір-біріміздің бастамаларымызды үнемі қолдап келеміз. Көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастығымыз ойдағыдай дамуда. Мен Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстанды дамыту орталығын ашу туралы бастаманы қолдағаны үшін болгар тарапына, Президент мырзаға зор алғыс айттым. Әлемдегі күрделі геосаяси ахуал мен түрлі қақтығыстар елдерімізді алаңдатып отырғаны сөзсіз. Қос тарап та барлық түйткілді бейбіт және саяси-дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санайды. Біз көпжақты дипломатияны одан әрі дамытуға ерекше мән береміз. Болашақта да халықаралық деңгейде күш-жігерімізді біріктіріп, үйлесімді жұмыс істеуге, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту ісіне белсене қатысуға келістік. Бұл сапар Қазақстан мен Болгарияның қарым-қатынасын тың қарқынмен дамытуға жол ашады деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Румен Радев тараптар қызығушылық танытатын барлық сала бойынша екіжақты қарым-қатынасқа салмақты талдау жасалғанын атап өтті. Оның айтуынша, ықпалдастықты нығайтуға зор әлеует бар.

«Бүгінгі келіссөздердің қорытындысы өзара ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенімдімін. Транскаспий көлік дәлізін одан әрі дамыту жөніндегі меморандумға қол қойылуы екі ел арасындағы байланыстарды ілгерілетуге ниетті екенімізді көрсетеді. Осы орайда Қазақстан мен Болгарияның географиялық тұрғыдан орналасуын барынша тиімді пайдалану керек. Өйткені бұл бағыт Азия мен Еуропаны жалғайды. Сонымен қатар жүк тасымалы, энергетика және цифрландыру салаларында ғана емес, мәдени байланыстарымызды кеңейтуге де мүмкіндік мол» деді Болгария Президенті.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан Президенті мен Пәкістан Премьер-министрі бір-бірін қасиетті Құрбан айт мейрамымен құттықтады. Әңгіме-

лесу барысында екі ел ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен алдағы перспективасы талқыланды.

ЖАҢА МИНИСТРГЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан тағайындалған Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.

Кездесуде Мемлекет басшысы армияның жауынгерлік дайындығын нығайту, басқару жүйесіне цифрлық шешімдерді енгізу, Арнайы операциялар күштерінің мүмкіндігін

кеңейту, әлеуметтік және идеологиялық жұмыстың тиімділігін арттыру, сондай-ақ әскери инфрақұрылымды жаңғырту бойынша нақты міндеттер жүктеді.

ЕГІС НАУҚАНЫ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛДЫ

Елімізде қаржыландыру тәсілдерін қайта қарау нәтижесінде 2025 жылы егіс науқаны алғаш рет мерзімінде аяқталды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Биылғы егіс науқаны елімізде климаттық өзгерістерге бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар ғылыми негізделген ауыспалы егіс талаптарын сақтай отырып, нарықтық үрдістерді ескеруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде сұранысқа ие дақылдардың көлемі артты: майлы дақылдар – 3,4 млн гектар (былтырғыдан 0,5 млн гектарға артық), мал азығы дақылдары – 3,3 млн гектар (+114 мың гектар), дән-бөлуге ерекше назар аударыл-

ды. Бұл ауыл шаруашылығын климаттық өзгерістерге бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар ғылыми негізделген ауыспалы егіс талаптарын сақтай отырып, нарықтық үрдістерді ескеруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде сұранысқа ие дақылдардың көлемі артты: майлы дақылдар – 3,4 млн гектар (былтырғыдан 0,5 млн гектарға артық), мал азығы дақылдары – 3,3 млн гектар (+114 мың гектар), дән-бөлуге ерекше назар аударыл-

көкөніс-бақша дақылдары – 222,3 мың гектар. Әлеуметтік маңызы бар дақылдар көлемі де артып жатыр: картоп алқабы 83,4 мың гектарға жетіп, өткен маусыммен салыстырғанда 11,3 мың гектарға көбейді. Сонымен қатар ресурсты көп қажет ететін әрі баға өзгерісіне бейім дақылдардың – бидай, күріш, мақта – егіс көлемі қысқарып жатыр. Мысалы, бидай алқабы 13 млн гектар болды, бұл өткен жылғыдан 187 мың гектарға кем.



ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР КӨБЕЙЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаевпен бірге қаладағы бірқатар маңызды әлеуметтік нысанды аралады.

«Астанада бірқатар әлеуметтік нысан салып жатырмыз. Олар – мектептер, балабақшалар, Оқушылар сарайлары, медицина, спорт, мәдениет және басқа да нысандар. Сондай-ақ пайдалануға берілген нысандарға қолдау көрсетіліп жатыр. «Асыл мирас» аутизмі бар балаларды қолдау орталығына бардық. Бұл орталық әкімдіктің қолдауымен 2023 жылдың сәуірінде (Достық көшесі, 13) ашылды. Орталықта балалармен жұмыс істеуге арналған 13 кабинет жабдықталған, ата-аналар үшін 3 күту аймағы қарастырылған. Қазіргі уақытта орталықта 20 педагог 6 интервенциялық бағдарлама бойынша тегін қызмет көрсетеді. Бұл бағдарламалар балалардың әлеуметтік, оқу, тұрмыстық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар 0-3 жас аралығындағы балаларға арналған ерте қолдау курсы да бар. Бүгінде қалада 4 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы, 2 аутизмі бар балаларды қолдау орталығы және т. б. бар. Бұған қоса, білім беру

ұйымдарының 95 пайызында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жағдай жасалған. «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ 2022 жылдың басында балалар блогын бөліп шығару арқылы жаңа орталық ретінде құрылды. Орталықтың бағыты – үй жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету және жартылай стационар жағдайында оңалту қызметтерін ұсыну. Өз тарапымыздан мұндай орталықтардың желісін қолдауды және кеңейтуді жалғастырамыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында. Қала әкімі елордада 2023 жылдың күзінде бастау алған «Joltar» жобасы туралы да айтып өтті. «Бұл жоба азаматтарға жаңа мамандықтарды тегін меңгеруге, өз ісін ашуға, жұмыс табуға және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алуға мүмкіндік береді. Осы кезең ішінде 13 мыңға жуық адам оқудан өтті. Оқыту 11 жұмыс мамандығы бойынша (тігінші,

модельер-конструктор, бухгалтерлік есеп негіздері, корпустық жиһаз жасау негіздері, сатушы-кассир, электр-газбен дәнекерлеуші, бариста, аяқ киім жөндеу, кілт жасау және т. б.), сол сияқты 7 цифрлық дағды бойынша (SMM, веб-сайт жасау, видеомонтаж, графикалық дизайн, мобилография, базалық цифрлық дағдылар, таргет) жүріп жатыр. 2025 жылы жұмысшы мамандықтар бойынша тағы 5,3 мың адамды, ал цифрлық дағдылар бойынша 2,7 мың адамды оқыту жоспарланған. Сонымен қатар жұмыс іздеушілерді жұмыс берушілермен және тапсырыс берушілермен байланыстыратын «jumystar» сервистік платформасы жұмыс істейді. Жобаға қаланың негізгі желілік және ірі жұмыс берушілері жұмылдырылған. «Joltar» жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында жүзеге асырылып жатыр және жұмыспен қамту саласындағы қолданыстағы шараларды толықтырады» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

АСТАНА СУ ҚОЙМАСЫ ТАЗАРТЫЛАДЫ

Президенттің тапсырмасы бойынша Астана су қоймасы 55 жылдан кейін алғаш рет тазартылып жатыр. Кешенді тазарту жұмысын Су ресурстары және ирригация министрлігінің қолдауымен «Қазсушардың» Ақмола облысындағы филиалы жүргізіп жатыр.



Министрліктің мәліметінше, су қоймасын тазартуға арнайы екі техника жұмылдырылған: сағатына 2000 текше метрге дейін түрлі шөгіндіден тазартатын үлкен жерснаряд және қуаты сағатына 900 текше метрге дейін жететін көпфункционалды әрі өздігінен жүретін шағын жерснаряд. Биыл Астана су қоймасынан 50 мың тонна лай шығару жоспарланған. Бұл жұмыстар қазан айының соңына дейін жалғасып, жыл сайын 13 жыл бойы жүргізіледі. Нәтижесінде Астана су қоймасының сыйымдылығы 47 млн текше метрге артады. Нысан көбірек су жинап, елорда тұрғындарын сумен қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік береді. Елорданы сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын стратегиялық нысан – Астана су қоймасы 1970 жылы пайдалануға берілген. Заманауи техниканың арқасында біз бұл су қоймасын жарты ғасырдан кейін алғаш рет тазартып, түбіндегі шөгінділерден тазарту алғаш рет жүргізіліп жатыр.

АЛҒАШҚЫ ОТА СӘТТІ ЖАСАЛДЫ

Бас қаладағы №1 көпбейінді қалалық аурухананың кардиохирургтары кеуде қуысын ашып, жүрекке жасаған алғашқы ота сәтті өтті.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бұл оқиға бүкіл республика үшін стратегиялық маңызы бар жаңа кардиохирургиялық бөлімше жұмысының ресми басталуын белгіледі. Алдағы уақытта аталмыш ауруханада елорда тұрғындары мен еліміздің басқа өңірлерінен келген пациенттер коронарлық артерияны шунттауды, жүректің қақпақшасы аппаратының туа біткен және жүре пайда болған ақаулары кезінде реконструктивті және протездеу операцияларын жүр-

гізуді, хирургиялық санация мен қақпақшаларды ауыстырудың заманауи әдістерін қолдана отырып, инфекциялық эндокардитті емдеу және араласудың басқа түрлерін қоса алғанда коронарлық артерия ауруының жіті және созылмалы түрлерінде жоғары технологиялық мамандандырылған жоспарлы және шұғыл кардиохирургиялық көмек ала алады. Бүгінгі таңда республикалық мамандандырылған орталықтардың қолданыстағы қуаты шамадан тыс жүк-

телген, бұл өмірлік маңызды көмек көрсетудің кешеуілдеуіне әкелуі мүмкін. Кардиохирургиялық бөлімшені ашу нәтижесінде жедел диагностика және ерте хирургиялық емдеу хаттамаларын енгізудің есебінен ЖИА және жіті коронарлық синдромның асқынған түрлерінен болатын өлімнің төмендеуі, қақпақшалық жүрек ақаулары бар пациенттердің өмір сүру сапасының жақсаруы, инфекциялық эндокардит кезінде өлімнің төмендеуі күтіледі.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

АВТОБУСТАҒЫ «ЕРІКТІЛЕР»

Біздің елде еріктілерге деген көзқарас оң. Мұқтаждарға жәрдемдесу, қоғамның белсенді мүшесі болу – өркениетті елге тән қасиет. Дініміз бен діліміз қайырымдылық жасауды қайырлы іс санайды. Автобұсқа бірінен соң бірі ағылып мінетін еріктілердің қызметі алаңдатады. Олар жинаған қаржының сұрауы бар ма? Шын мәнісінде ақша қайда кетеді?

Автобұсқа кіре сала «Сәлемет-сіздер ме, құрметті жолаушылар! Мазаларыңызды алсам кешірім сұраймын!» деп сөз бастап, «осындай азаматтың еміне көмек қажет. Әрбір берген 20-30 теңгенің құны өте маңызды» деп тәмамдайды. Қандай қоғамдық көлікке мінсең де жатанды сөз, өзгермеген мәтін. Барлығы бірдей жасанды көрінеді. Еріктілердің басым бөлігі – кәмететке толмаған жеткіншектер. Олардың басын мұндай қызметке байлап жүрген кім?

«Министрліктер үйі» аялдамасынан №30 автобұстан түскен еріктіні тоқтаттым. Жәшікке түскен қаражат қайда баратынын сұрап, басшысымен тілдестіруін өтіндім. Сұрай бастағаным сол-ақ, жәшігін артына жасыра қалды. Жауап бергісі келмеді.

Жәрдем керек жанның емделетін уақытына да зер салған абзал. Жәшіктің тысына жабысқан тұсқағазда барлық ақпарат болуы тиіс. Алайда тексеріп жатқан жан жоқ. Жолаушылар қалтасынан теңгесін суырып алып, жәшікке тырсылдатып тастай жөнеледі.

Автобұстан ерікті көрсем олардың тыныс-тіршілігі жайлы сұрайтын болдым. Жасап жатқан «игі істерін» дабырайтып айтып, көпшіліктің мазасын алып жатқанымен шаруасы жоқ. «Дінмұхамед Қонаев» аялдмасынан №10 автобұсқа міндім. Қатарласа үш бірдей ерікті кіріп, әдеттегі әуеніне басты. Үшеуі де мектеп оқушысы екен. Олардың айтуынша, автобұстағы

жасаған қайырымдылығы үшін 5000 теңге, я болмаса түскен табыстың 20% мөлшерін алатын болып шықты. Әркім өз нәпақасын өзінше тауып жүр. Бірақ еріктілердің ақша алғаны ерсі емес пе?

Дамыған елдерде автобұс кезіп, жылу іздеген «қамқоршыларды» көрмейсің. Біздің қоғамдық көліктегі мәдениет басқа. Еріктілердің дауысы қатты шығуы, әрбір жолаушыға жеке-жеке келіп қолқа салуы, жолаушының рұқсатынсыз суретке түсіруі автобұстағы күнделікті қалыпты көрініске айналды. Бұл мәдениеттілікке жата ма?

Дініміз «Тіленшінің қолын қайтарма» деген тәрбие береді. Қазір кейбір жолаушылар еріктілер еркінсіп, сабылып жүретін автобұсқа мінгісі келмейді. Себебі «жоқ» деп айтудың өзі ыңғайсыз, бірақ «иә» деуге іштей дайындық жоқ. Бұл кереғар қайшылықтар ішкі жайсыздықты тудырады.

Автобұс демалыс орны емес, ол – қоғамдық көлік. Мұнда әр жолаушының өз уақыты мен көңіл күйі, өз әлемі бар. Біреу жұмыстан шаршап келе жатыр, біреу ауыр ойға шомған, енді біреу жай ғана тыныштықты қалайды. Сол тыныштықты бұзған еріктілердің дауысы, үгіт-насихаты, тіпті кейде әлсін-әлсін қайталанатын өтініші көпшілік үшін қысым емес пе?! Жеткіншектердің жұмыс көзі ретінде дәл осыны кәсіп қылуы дұрыс па? Сіз қалай ойлайсыз?

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында астаналық 5-8-сынып оқушыларына арналған «Кәсіптік квест» лагері басталды.

«Аталмыш лагерьге біз өз болашағымызды таңдау үшін келеміз. Мамандықтармен, оқу барысымен танысып, өзімізге лайықты жолды іздейміз. Жақсы білім алу – жақсы өмірдің бастауы. Менің ойымша, «Кәсіптік квест» жобасы – оқушыларға өз мамандығын таңдау үшін таптырмас мүмкіндік» дейді жоба қатысушысы Дария Қуаныш.

Бұл жоба алғаш рет қаланың Технологиялық, Техникалық, Сервис және туризм, Педагогикалық, Жоғары көлік және коммуникация, Astana polytechnic колледждері мен Астана халықаралық университетінің ұйымдастыруымен жүзеге асып отыр.

– Алғаш рет елордада мұндай жоба өтіп жатыр. Оқушыларға осы бастан-ақ әлемде қандай мамандықтар бар екенін үйретіп, таныстыруды мақсат еттік. Қатысушылармен арнайы педагог, психолог, кәсіптік бағыт беруші

мамандар жұмыс істейді. Биыл бірінші рет ұйымдастырылып жатқандықтан, тәжірибелік жобамыз 5 күнге жоспарланған. Серіктестеріміз, яғни мектептер мен колледждер тарапынан жобаның уақытын ұзарту туралы сұраныстар мен ұсыныстар күн сайын келіп түсіп жатыр, – дейді елордалық Білім басқармасының мектеп жанындағы жазғы лагерь ұйымдастыру жобасының мүшесі Данагүл Шоманова.

Лагерьдің алғашқы күніндегі іс-шаралар Технологиялық колледж қабырғасында ұйымдастырылды. Оған 60-қа жуық оқушы қатысты. Іс-шара барысында оқушылар «тамақтандыруды ұйымдастыру», «шаштараз ісі», «тігін өндірісі және киім үлгілеу» мамандықтарымен жіті танысты.

Жансая АЛМАХАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



– Байқасаңыз, осындағы қызметкердің көбі – жасы үлкен кісілер. Жол бойын сыпырып, көше тазалайтындарды айтам-дағы.

– Оның рас, – деді менің сөзіме әріптесім, фототілші Сұлтан Сейіт. Жаздың ыстығы мен қыстың қытымыр аязында жанкешті еңбек ететін осылар ғой. Жұмысын дұрыс атқарып, адалынан нан тауып отыр.

– Осыны астаналықтар түсіне қояр ма екен? Әсіресе, жас буынның өз әке-шешесімен қатарлас мұндай еңбек адамына көзқарасы... Сөзімді аяқтатпай-ақ Сұлтекең бірден жауап берген.

– Қалай болғанда да түсінуі тиіс! Осылай деп көлік рулін сығымдай ұстап, жолдан көз айырмаған...



Ержан ҚОЖАС

МЕЗГІЛ ТАҢДАМАЙТЫН МАМАНДАР

Біздің бағыт – «Астана Тазалық» деген атауы бар үлкен ұжым. Мақсат – осы серіктестіктің нағыз тыныс-тіршілігімен танысу. Ойым басшылықтан гөрі қала ішінде еңбек етіп жүрген қарапайым жұмысшы маманмен тілдесу еді. Онымыз орындалатындай. Әне, көшеде су шашып, шаң басып жүрген үлкен машина көріне берді. Әріптесім де жеңіл көлікті солай қарай бағыттаған.

– Арнайы жабдықталған ауыр техниканы жүргіземін. Міндетім – өзіме бекітілген көшелерге белгілі қысыммен су шашып, 8 метрге дейін асфальт бетін, шетіндегі бордюрлерді жуып отыру, – деді біз қол көтеріп тоқтатқан Аманкелді Қаратаев есімді көлік жүргізушісі. – Бұған 11 куб су кетеді. Күніне алты мәрте су толтырып, тазалыққа кірісеміз. Өзіңіз көргендей, мен жүргізетін көлікте орнатылған су шашу құрылғысы жуылған асфальт бетіндегі топырақ пен майда тастарды шетке қарай, яғни бордюрге дейін тақап жауады. Сондай-ақ көліктің жол бетін сыпыратын да құрылғысы бар. Қазір жаз айында осылай қызмет етсек, қыста бұған қар итеретін жабдық орнатылады. Ол уақытта жұмыс тәсіліміз өзгереді. Біз жалпы мезгіл таңдап жатпаймыз. Бастысы, жұмысымызды адал атқарсақ дейміз...

25 жыл еңбек өтілі бар Аманкелді «Астана Тазалық» ЖШС-те 15 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Әңгіме ауанында ол мекеменің уақыт өткен сайын өз қызметкерлеріне қолдауды көбейткенін айтып қалды.

«Көлік бұзылса, бізді мазаламайды. Арнайы жөндейтін шеберлер бар. Екіншіден, барлық техниканы басшылық жаңартып отырады. Мен жұмыс істегелі ығи жаңа көлік тізгіндеп келемін. Жұмысым өзіме өте ұнайды. Жалақы уақытылы, қыс айларында орындаған нормаңа қарай 800 мыңға дейін, ал жазда жұмыс жеңіл болған соң 500 мың теңге түседі. Жалпы біздің жұмысшылар айлығында өсім бар. Қосымша автобуста тегін жол жүру билеті таратылады. Демалғың келсе, айына келетін 4 күн демалысыңнан бөлек, жеке шаруаға қатысты сұрансаң да, басшылықтан еш мәселе жоқ» дейді ол.

Осылай деп асығыс тілдескен Аманкелді аға көлігіне мініп,

БАС ШАҢААРДЫҢ ТАЗАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫ

рулін өзіне жууға бекітілген С.Сейфуллин көшесіне қарай бұра берді.

ТАЗАЛЫҚ БІР КҮН ТОҚТАСА...

Бізге кезіккен келесі кейіпкердің есім сойы – Нұрлыбек Нұрмаханов. Ал мұның көше шаңын «жұтады». Тіпті кешегі Астана көшелерінде ұшқан терек ұлпасын сыпыра тазалаған да осы машина екен.

«Мен жүргізетін көлікке арнайы вакуумды шаңсорғыш орнатылған. Ол барлық жол жиегіндегі шаң мен майда тастарды жағалай жүріп жинап алады. Жиналған қоқысты күніне 3-4 мәрте полигон алаңына төгеміз. Жалпы мұндағы көліктер әр маусым сайын өзгеріп отырады. Қыста қар итеретін немесе сыпырғышпен жабдықталса, жазды күні басқа тазалық құрылғылар орнатылады» дейді көлік жүргізушісі.

Оның сөзінше, тазалық көліктерін жүргізу сырт жұртқа оңай

көрінгенмен, мұның да өзіне тән ережесі бар. Арнайы оқыту курсынан сабақ алуға тиіссін. Ал күнделікті рульге отырмас үшін медициналық тексерістен өтесін. Одан соң механиктермен бірлесіп, сол күнгі жұмысқа көлігіңнің дайындығын тағы бір тексеріп алу керек. Артынша өзіңе бекітілген ауданның маршрутын алып, күні бойы Астана тазалығына кірісесің. Бұл – күнделікті айналып келіп жатқан жұмыс. Тоқтатуға болмайды.

«Мұндайда 5-6 арнайы жабдықталған «тазалықшы» машиналар таңмен таласа жиегіндегі шаң мен майда тастарды жинап алады. Жалпы мұндағы көліктер әр маусым сайын өзгеріп отырады. Қыста қар итеретін немесе сыпырғышпен жабдықталса, жазды күні басқа тазалық құрылғылар орнатылады» дейді көлік жүргізушісі.

Оның сөзінше, тазалық көліктерін жүргізу сырт жұртқа оңай

жолды бүлдіретіні анық. Мұндай уақытта біздің қызметкерлерде де қарбалас көбейеді. Расымен, мұндай үлкен қалада бір күн тазалықты тоқтату үлкен қателікке алып келеді» дейді ол.

Нұрлыбек бұл мекемеде 15 жылдан бері жұмыс істейді. Бір қызығы, ол қысты күні қар тазалығында үлкен маңызы бар жұмыстың трактордың (погрузчик) руліне ауысады. Техниканың түр-түрін игерген замандасымыздың жұмысына біз де риза болдық.

Естігеніміздей, «Астана Тазалық» кәсіпорынында 400-ден астам түрлі техника бар. Бәрі тазалық жұмыстарына бейімделген. Тіпті өндірістен соған арнайылап шығарылғандары да жеткілікті. Яғни қыста қар итеруден бөлек, жаздың күні шаң басып, су себетін түрлі көлік сап түзеп тұр.

«Кәсіпорынның бір міндеті – мекемені заманауи тазалық көліктермен жаңғырту. Жақында шетелдік 5 арнайы тазалық көлігі келді. Олардың ерекшелігі – нағыз әмбебап.



Мезгіл таңдамайды. Қыста қар тазалып, жазда барлық қоқысты өз бетінше тазартады. Тіпті шаңсорғыш қызметін атқаратын көлік жол жиегінде шашылған майда тастан бөлек, көдімгі кірпіштің сынған бөлігін лезде «жұтып» ала қояды» дейді серіктестіктің ресми өкілі Қымбат Бақыткелді.

ЖАС БУЫНҒА БАҒЫТ КӨП

Бүгінде «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында түрлі іс-шаралар легі жүріп жатқаны белгілі. Бір ғана мысал, Астанадағы техникалық оқу орнында оқып жүрген студенттер түрлі өндіріс пен кәсіпорындардың ішкі жұмысын көруге жиі аялдап жүр. Әсіресе, өз мамандығына қатысы бар ортаны көруге ұмтылған жастар легі көп. Техникалық мамандықтарға жас буынның ынтасын арттыруға басты себеп те атаулы жылға арналған қолдау мүмкіндіктері еді.

«Биыл қыста «Астана Тазалық» кәсіпорында қаланың бір топ жастары болды. Елордадағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінде оқитын олар кәсіпорынның күнделікті қызметімен және саладағы жұмысшы мамандармен танысты. Өйткені мекеменің қала тазалығын сақтауда ерекше рөлі бары белгілі. Сондай-ақ қаладағы №28 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушыларына да «Ашық есік» күнін өткіздік. Ал келген болашақ мамандарға кәсіпорынның арнайы техникалары мен диспетчерлік

қызметтің жұмысы көрсетілді. Қала әкімдігі мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткен арнайы экскурсияда заманауи тазалық техникаларының жұмысын айтып бердік. Бұған қосымша келген студенттер мен оқушылар келешекте жұмыс істейтін мамандығына қатысты біздің қызметкерлерден кеңес алып, пікірлесті» дейді Қымбат Бақыткелді.

Оның айтуынша, ұжым жұмысымен танысуға келген болашақ техникалық мамандарға тазалықшылардан бөлек, жүргізушілер, механиктер және диспетчерлердің қызметі көрсетілген.

«ҮЛКЕЙСЕК ТЕ ҮЛГЕРЕМІЗ...»

Біз әдейілеп мекеменің тазалықшыларына бұрылғанбыз. Жол жұмысшысы Нұрбәден Ереншенің айтуынша, мұнда орташа жалақы – 270 мың теңге. Сонымен қатар ауа райының қолайсыз күндері жұмыс істеген жұмысшылардың жалақысына үстемақы қосылады.

«Қала тұрғындары шырт ұйқыда жатқанда, яғни таңғы сағат 4-те оянып, жұмысқа асығамыз. Өйткені жаз мезгілінде жұмыс 6-да басталып кетеді. Тұрғылықты жерімізге жақын орналасқан аялдамада жұмысшыларға бөлінген арнайы автобус бізді күтеді. Кейде арнайы жәшіктерден қоқыс тазартуға барсақ, енді келесі күні арнайы техникалармен қалдықтарды сыртқа шығаруға көмектесеміз. Жұмысымыз біткен соң, түскі сағат 3-тен өте сол көлік үйге жеткізіп салады» дейді ол.

Ал серіктестіктің қолмен жинау шебері Гүлнәр Нұрмышованың айтуынша, елорда тұрғындары тазалыққа әбден төселген. Бұрынғыдай емес, жастар да, ересектер де қоқыстың шашылып жатқанына бейжай қараған емес.

«Алғашқы жылдардағыдай емес, Астананың бүгінгі халқының көше тазалықшыларына деген ықыласы ерекше. Дегенмен ара-тұра қоқыс қалдықтарын жөнсіз тастайтындар болмай тұрмайды. Рас, бір уақыттары қала өте лас болды, жинау мүмкін еместей көрінетін. Бірақ тазалықты бірінші орынға қоятын әріптестерім жылдың қай мезгілінде де талмай еңбек етті. Екіншіден, біздегі жол жұмысшылары мен тазалықшылардың орташа жасы – 50-де. Мойындау керек, жастар мұндай жұмысқа келмейді. Қалалықтар да сондай. Бірақ біздің егде жастағы жұмысшыларымыз таңмен таласа барлық жерді тап-тұйнақтай етіп отыр. Жасымыз үлкенісе де бәріне үлгеріп келеміз» деп ағынан жарылды ол.

Биылдан бастап «Астана Тазалық» ЖШС «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай жалақыға 10 пайыз қосыпты. Арнайы жұмыс киімін, қажетті құрал-саймандарды уақытында жаңартып беріп отыр. Қызметкері ауырып қалған жағдайда да сауықтыруға қаржы қарастырылған. Еңбек демалысы уақытылы, мереке кезінде қаржылай сыйақы беріліп, әр қызметкердің балаларына арнайы сыйлық таратады. Сондай-ақ ұжымдастары болып өзге тазалық мекемелері арасындағы спорт жарыстарынан жүлделі болып жүр.

P.S: 2 мыңға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыған «Астана Тазалық» ЖШС тарихы 2008 жылдан басталады. Кейінгі 17 жылдан бері барлық маусымда өз жұмысын тек санитарлық-тазалық мақсатында қалыптастырған серіктесік бұрын «Горкомхоз» деп аталған. Елордадағы орны бөлек ұжымның жаз шыға салысымен желі мен жаңбыры көп қаланың қыстағы тіршілігінде де «бел шешпейтіні» бұрыннан белгілі ғой. Мұндайда шаһар тазалығын сақтауда шаршамайтын қызметкерлерді қалай мадақтасақ та жарасады емес пе?!

2024 ЖЫЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНА

1 470 000

ТУРИСТ КЕЛГЕН. БҰЛ КӨРСЕТКІШ
2023 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАН-
ДА 14%-ҒА ӨСКЕН

ТУРИЗМ ҚАЛАЙ ТҮЛЕЙДІ?

Туризм – жай ғана демалыс емес. Ол – елдің экономикасына, мәдениетіне, халықаралық беделіне әсер ететін стратегиялық сала. Әлем елдері туризмді қарқынды дамытуды ұлттық басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Себебі әрбір турист – жаңа жұмыс орны, қосымша табыс көзі, ел жайлы әлемге жақсы пікір тарататын насихатшы саналады.

ӨНІМІ ӨЗГЕШЕ САЛА

Туризм кеш өркендеген сала болғанымен, оның қазіргі даму аяқ алысы өте тез. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап туризм әлемдегі жаңадан гүлденген салаға айналды. 90-жылдарға жеткенде туризмнен кіретін кірістің халықаралық экспорт кірісіндегі үлесі 8 пайыздан асып, одан түскен табыс мұнай өнімдері мен автомобиль экспорт табысынан кейінгі маңызды кіріс қайнары болды.

Халықтың тұрмысы жақсарып, мәдениет өресі өскен сайын туризм де ішкі жақтан түрленіп, мазмұны жақтан байып барады. Атап айтқанда, бұрын сыртқы және ішкі туризм деп бөлінсе, қазір бұрынғыдай көркем жер, әдемі аумақтарды саяхаттаудай дәстүрлі туризм тәсілі таңсық болудан қалып, демалыс туризмі, ойын-сауық туризмі, жиналыс туризмі, жастар туризмі сияқты жиырмаға жуық түрлері пайда болды. Сонымен қатар, туризмнің даму бағытында да мынадай тың беталыс байқалды. Біріншіден, экономиканың дамуына ілесіе, адамдардың рухани мәдениетке болған қажеті артып, саяхаттау жұртшылықтың негізгі тұрмыс тәсіліне айналды. Екіншіден, жаңадан дамыған елдердің туристік орындары көбейіп, Азия елдеріне саяхаттап келетін туристер жыл сайын молайды. Үшіншіден, қатынас қолайлылығы артқан сайын сауда сипатындағы туризм жандана түсті.

Қазақстан 1993 жылы Дүние жүзі туристік ұйымының мүшелігіне енді. Содан бастап туризмді дамыту бағдарламасы дайындалып, содан бері туризм сан-салалы шаруашылықты шалқытып, экономиканы нығайтудың маңызды саласы ретінде қаралып келеді. Өйткені Қазақстанда туризмнің барлық түрін (танымдық, ойын-сауық, этника, экология, сауықтыру, спорттық, аң аулау, серуендеу)

дамытуға қажетті шарт-жағдайы толық.

Екінші тұрғыдан алғанда, туризм – мемлекет жарнама-сы. Қазіргі таңда дүниежүзілік сипат алып отырған бұл сала тек табиғатпен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен, салт-дәстүрдің даралығымен де ерекшеленіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Орта Азияның туристік шаңырағына айналуына еш қиындық жоқ еді.

Халықаралық туризм ұйымының жақындағы межесіне кіштердің тартымдылығымен, салт-дәстүрдің даралығымен де ерекшеленіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Орта Азияның туристік шаңырағына айналуына еш қиындық жоқ еді. Халықаралық туризм ұйымының жақындағы межесіне кіштердің тартымдылығымен, салт-дәстүрдің даралығымен де ерекшеленіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Орта Азияның туристік шаңырағына айналуына еш қиындық жоқ еді.

ТОҒЫЗ СЕБЕП ТЫПЫРЛАТЫП ТҮР

Бізше, туризмнің дамымауында мынадай бірнеше түрлі себептер бар секілді.

Біріншіден, Қазақстан үкіметі туризмді дамыту жоба-жоспарын жасағанымен, еліміздегі туристік орындардың көбінің шарт-жағдайы көңілдегідей емес. Бәрі маусымдық сипатты саяхаттың шеңберінен шыға алмайды.

Екіншіден, туризм үгіті тебінсіз. Еліміздің көркем жерлерін таныстырған бірер фильмнен басқа, туристік орындарды, туристерге жасалатын қолайлылықтарды таныстыратын ақпарат жоқтың қасы.

Үшіншіден, қазақстандықтардың туризмге деген түсінігі

басқаша. Біздің азаматтарымыздың көбі Қазақстан территориясы ішінде ел көріп, жер көргенді саяхат санамайды. Мүмкіндігі жетсе, шетел асып саяхаттау санасына сіңген.

Төртіншіден, соңғы кездері салынған жолдарды есепке алмағанда, Қазақстанның көп өңірлерінде жол нашар. Автобустары өте көне, жаз айларында пойыз билеті жетіспейді. Ұшақ билеті қымбат.

Бесіншіден, туристердің Қазақстанның әр облысындағы туристік орындарын тез әрі ұтымды жолмен аралап шығуына тиімді саяхат жобасы жасалмаған. Әр облыс, аудан, қалалардың туризмге арналған ортақ жобасы жоқ. Туристердің көбі естіген, білген жеріне барып қана қайтады.

Алтыншыдан, Қазақстанның көптеген туристік орындары шетелдік туристерді көптеп қабылдауға әлі дайын емес. Қонақүйлері жетіспейді, та-

буыны саналатын бұл түйінді ескерусіз қалдырған.

Сергізіншіден, Қазақстанда «Туризмді дамыту» ауызда айтылып, министрліктерде жоспары жасалғанымен, нақты атқарылып жатқан жұмыстар мардымсыз. Айту бар, нақты нәтиже жоқ.

Тоғызыншыдан, туристік орындардың инфрақұрылымы кемелсіз. Мәселен, атағы әлемге әйгілі саяхат орындарында жібі түзу дәретхана жоқ. Бұл мәселе бас қала – Астанадан да айқын байқалады.

ҚАРАПАЙЫМ ҚАЖЕТТІЛІК – КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ

2024 жылы Астана қаласына 1,47 миллион турист келген. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 14%-ға өскен. Туристердің негізгі легі Ресей, Қытай, Түркия, Оңтүстік Корея және Германия елдерінен

АСТАНА – КҮННЕН КҮНГЕ ЖАҢАРЫП, ЖАҢҒЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЛА. БІРАҚ ТУРИСТ ҮШІН ЫҢҒАЙЛЫ ҚАЛА БОЛУ – ТЕК БИІК ҒИМАРАТТАР МЕН КӨРІКТІ КӨШЕЛЕР ЕМЕС. ОЛ – ҰСАҚ-ТҮЙЕК БОЛЫП КӨРІНЕТІН, БІРАҚ САЯХАТШЫНЫҢ ЖАЛПЫ ӨСЕРІНЕ ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТҰРМЫСТЫҚ ЖАЙЛЫЛЫҚ

нымал саяхат орындарынан салынған қонақүйлердің бағасы шетел саяхатшылары үшін арзан болғанмен, бұл бағаны кез келген қазақстандық саяхатшылардың қалтасы көтере бермейді.

Жетіншіден, саяхатшыларға жол бастап, туристік орындардың басты ерекшелігін түсіндіретін туризм нұсқаушылары аз. Бар болса да, білімі, тіл қабілеті төмендеу. Кейбір орындар туризмге қызмет етудің маңызды

келген. Қалада 300-ге жуық қонақ үй, ондаған мәдени, спорт және ойын-сауық орындары бар. Бірақ туристерден алынған кері байланыс бұл инфрақұрылымның әлі де толық жетілдірілмегенін айғақтайды. Астана туристік дестинация ретінде дамып келе жатқаны рас, алайда санитарлық-гигиеналық қажеттіліктер, нақтырақ айтқанда, қоғамдық дәретханалар – бұл дамудың әлсіз тұсы болып тұр.

Қоғамдық дәретхана – көпшіліктің ойынша ұсақ-түйек мәселе сияқты көрінгенімен, туристер үшін қала туралы алғашқы және ең маңызды мәселенің бірі. Оның жоқтығы немесе санитарлық талапқа сай болмауы Астананың (немесе кез келген қаланың) туристік имиджіне, халықаралық беделіне және экономикасына тікелей әсер етеді.

Турист бейтаныс қалада өзін еркін сезінуі үшін ең алдымен, негізгі тұрмыстық жағдайлар шешілген болуы керек. Қоғамдық дәретхана таба алмаған адамда қалаға деген теріс көзқарас қалыптасады. Қаланың келбеті тек архитектурамен емес, осындай қарапайым, бірақ маңызды инфрақұрылыммен де өлшенеді. Турист ұзақ жүрсе, көп ақша жұмсайды. Ал дәретхана таппай қиналса, қонақ үйлеріне ерте қайтады немесе қаланы серуендеуге ынтасы төмендейді.

Қоғамдық дәретхана болмаған жағдайда адамдар рұқсат етілмеген жерлерді дәрет сындыруға пайдалана бастайды. Бұл санитарлық жағдайды нашарлатып, қаланың таза әрі қауіпсіз бейнесіне зиян келтіреді. Әсіресе, баламен, қартпен, мүмкіндігі шектеулі жандармен жүрген туристер үшін – бұл ауыр сынақ.

Заманауи қалаларда дәретхана туристік картада белгіленуі тиіс. Tokyo, Singapore, Seoul сияқты қалаларда бұл – туризм стандарттарының бір бөлігі. Астанад мұндай қызметтің жоқтығы – қаланы цифрлық картада да қолайсыз етіп көрсетеді. Астанад қазіргі уақытта ресми тіркелген 70-тен астам қоғамдық дәретхана бар. Бірақ бұл нысандардың басым бөлігі – сауда орталықтарында, қалалық парктер мен автобекеттерде орналасқан. Ал нағыз туристік нүктелер қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілмеген.

ҮЙРЕНЕТІН ҮЛГІЛЕР

Туризм мен мәдениеттің үлгісі саналатын Сингапурда әр 400 метр сайын тегін, таза дәретхана орналасқан. Ол – санитарлық тораптарда тазалық пен қауіпсіздік бірінші орында.

Токио қаласында 2020 жылдан бері «Tokyo Toilet» жобасы іске қосылып, әлемдік сәулетшілердің қолынан шыққан 17 ерекше дәретхана орнатылған. Бұл нысандар тәулік бойы бейнебақылауда ұсталып, санитарлық жағдай қатаң қадағаланады.

Сеул қаласында да туристерге арналған қауіпсіз, тегін, инклюзивті дәретханалар бар. Қаланың туристік карталарында бұл нысандар анық белгіленген.

Франция астанасы Париждегі қоғамдық дәретханалар жүйесі – өзге елдерге үлгі боларлық тәжірибе. Қаланың әр бөлігінде орнатылған заманауи санитарлық нысандар жергілікті тұрғындар мен туристерге қолжетімді түрде қызмет көрсетіп келеді. Париж көшелерінде бүгінде 400-ден астам автоматты, өздігінен тазаланатын дәретхана жұмыс істейді екен.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қоғамдық дәретхана – бұл жай ғана гигиена мәселесі емес, туристік имидждің ажырамас бөлігі. Турист қалада өзін қаншалықты жайлы сезінсе, ел туралы пікір де соншалықты оң болады. Сондықтан Астана сияқты ірі қалаларда және туристік орындарда туристік тартымдылықты арттыру үшін қоғамдық дәретханалар мәселесін жүйелі шешу қажет. Бұл бағытта туристік аймақтарға стационар дәретханалар орнату керек. «Бәйтерек», «ЭКСПО», «Орталық алаң» сияқты орындарда тұрақты, заманауи 24 сағат жабылмайтын дәретханалар болуы тиіс. Жаз мезгілінде мобильді (көшпелі) дәретханаларды көбейту: Қала тұрғындары мен туристер ағыны артатын маусымда қосымша дәретханалар орнату да уақытша шешім ретінде тиімді. Туристік қосымшалар мен онлайн карталарда дәретхана нүктелерін белгілеу керек. Яғни Google Maps, 2GIS, VisitAstana сынды сервистерде дәретханалардың нақты орналасуы көрсетілуі тиіс.

ТУРИСТІ ҒИМАРАТ ЕМЕС, ЖАЙЛЫЛЫҚ ТАРТАДЫ

Астана – күннен күнге жаңарып, жаңғырып келе жатқан қала. Бірақ турист үшін ыңғайлы қала болу – тек биік ғимараттар мен көрікті көшелер емес. Ол – ұсақ-түйек болып көрінетін, бірақ саяхатшының жалпы әсеріне тікелей ықпал ететін тұрмыстық жайлылық.

Қоғамдық дәретхана – сол тұрмыстық жайлылықтың ең бастысы. Егер Астана шын мәнінде Қазақстандағы халықаралық туристік қала болғысы келсе, бұл мәселені кейінге қалдырмай, шұғыл түрде шешуі тиіс. Себебі туризм – дәретханадан басталады.

Туристер үшін бір елге қайта оралу себептерінің бірі – жайлылық пен сенім. Ал жайлылық дегеніміз – қауіпсіздікпен қатар, күнделікті тұрмыстық қолайлылық. Қазақстан секілді кең байтақ елге келген турист тек тауға қарап, көл жағалап кетпейді. Ол біздің елден жайлылық сезінуі тиіс. Туристік орындар жайлы болуы үшін ең қарапайымы қоғамдық дәретханадан бастап, барлығы қолайлы болуы керек.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ,
Адия КӨРІПЖАН,
Еуразия Ұлттық
университетінің
2-курс студенті**

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Қазақтың қазіргі атақты ақындарының қатарында аталатын Тыныштықбек

Әбдікәкімовтің талантын ашқан осы Зақаң десем, таң қалмаңыз. Әйтеуір, өзім солай санаймын. Дарын мен өнерді Құдай береді. Соларды топырақ астынан томпайып шығып келе жатқан кезінде аялап, қолдап жіберсе ғана өсіп, жетіліп, жеміс бере бастайды ғой. Яғни, «қолдады», «көмектесті» дегенді қалтаңа ақша салып, басыңа шаңырақ көтеріп, дастарханыңа ас толтырып беру деп түсінбесек керек. Мысқалдай ғана демеу, бір ауыз жылы сөз адамның болашағының қалай болатыны мен бүкіл өмірінің мәніне ұласатынын білеміз бе. Мына естеліктерді сол қатардан көргім келеді.

Зақаң әкем сөйлеп отыр. Мен білдірмей ғана диктофonomды қосып қойдым. Сөзін бөлгем жоқ. Өмір бойы сабақ беріп, дәріс оқып келе жатқан алғыр жан ғой, сол бетінде қағазға түскен жайы осы. Осы нұсқада дайындап, өзіне жібердім. «Жариялаймын» дедім. Өзің біл, «Сары тентек» қалып қоймасын, деп Қарағандыдағы ақын Қуаныш Мақсұтовты тапсырды. Басқа өзгеріс енгізген жоқ, түзеткен жоқ. Ендеше мұны авторлық мәтін деуге де болар.

«1984 жылы болуы керек, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында мәдениет, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болып істеймін. Бір күні, әдеттегі поштаны ақтарып отырғанда бір өлеңге көзім түсті. Тақырыбы – «Тауық». Таңырқаңқырап отырып, оқып шықтым. Өлендік белгілері толық. Қайта оқып көрсем, мүлдем бөлек поэзия. Авторы – Тыныштықбек Әбдікәкімов. Мұндай есім-сойды тұңғыш рет естіп отырмын. Бұрын білмейтін авторым. Хаттың конвертін тексеріп, қай жерден келгенін қарадым. Адресі жоқ. Бұл қалай, ұмытып кеткен ғой деп ойладым. Өлең есімнен кетпей қойды. Мазмұны қарапайым ғана: бүркіт деген құс балапанын ұшыруға баулығанда, ұяның шетіне шығарып апарып, итеріп жібереді екен деседі. Балапап жан-дәрмен талпынып, жерге құламай көтеріліп кетсе, аман қалады. Сол күйі қанат бітіп ұшып кетеді. Ал ұша алмай жерге құласа, жазым болады. Екіншісі бірі. Басқа таңдау жоқ. Осы сюжетке өлең құраған ақын, бүркіттің орнына тауықты алып, жартастың басынан тауық балапанын құлатпақ болған бір

Рухани әкем санайтын ұстазым Зарқын Тайшыбаймен соңғы жылдары жиі кездесіп жүрмін. Әңгімелесемін. Білгім келген әңгімені түртпектеп сұраймын. Білетіні көп, оқығаны мол, тоқығаны одан да көп. Қазір үлкен профессор, академик. Сол кісі айтты деген біраз сөздің басын құрап, жарыққа шығардым. Шықпағандары қанша.

ПОЭЗИЯҒА ТЫНЫШ КЕЛІП, БЕК БОЛЫП ШЫҚТЫ



әуесқой баланың әрекетін көрсетеді. Бұл өлең кәдімгі басня – мысал ғой. Әрине, ол балапап тауықтікі, жаратылысы солай болғандықтан, ұша алмайды.

Аңызға негізделген шағын өлеңде таң қаларлық ештеңе жоқ сияқты. Бірақ шығарманың кіріспесінде ақын жартастың биіктігін өзінше суреттегені селт еткізді. «Бауырына тартып алып, бала бұлтты емізген...». Яғни, жартастың ұшар басы көрінбейді, бұлт құшағында. Өте биік. Демек, ондай биіктен құлаған балапап аман қала алмайды. Өлеңнің ақын қасиеттері болуы мүмкін, бірақ есімде мәңгі қалған осы теңеу мені тәнті етті. Мұндай өленді басу керек. Алайда авторының кім екені белгісіз. Өленді бөлек қойдым. Көп ұзамай, дәл сон-

дай тағы бір конверт келді. Қолтаңбасы да сол. Ішінде өлендер бар, маған арнап жазылған хат бар. Оқыдым. Әлі есімде: «Аға, сіз мені танымайсыз. Мұқышев Құмарбек деген құрдасыңыз әрі туысыңыз сізді сырттай таныстырды. «Өлендеріңді жібер, сөз танытын кісі, газетке басады», – деді. Мен жайсыз жерде жатырмын. Өзіңіз түсінерсіз. Елтеп өлең жазатыным бар, өзім үшін. Сіз газетке шығарады деп ойламаймын. Оқып көріңіз. Баспасаныз, өкпелемеймін».

Хош. Жаңа өлендерін қарайын. Тамаша. Әсіресе, «Ақ пен қызыл» деген толғау сипатты, бір көлемді шығарманың үзіндісіндей, оншақты шумақ, одан да көп пе... есімде жоқ, 40 жылдай өтіп кетті ғой, тәуір дүние екен. Тыныштықбектің бір-екі өленін

газетке дайындап, екі-үш өленін қолыма алып, жұмыс аяғында редакторға бардым. Оңаша сөйлеспекпін. Тілеухан Жүсіпов деген тілеуқор, түсінік-түйсігі мол жан еді, байыптап отырып, жеткіздім. Партиялық газетке материал басудың жазылмаған тәртібі бар. Көлденең көк аттыны шығара бермейді. «Кім екенін білмеймін. Автор жайсыз жерде отыр. Неге отырғанын да білмеймін. Жас адам ғой, жаңылыс басты ма, әлде. Әйтеуір, мықты ақын болғалы тұр. Сөз саптасы кесек. Көріп жүргеніміздің талайынан озық» деп тамсанып, оқып бердім. Тіпті бір шумақты екі қайтара оқыдым. Қатты беріліп кеткенімді байқаған редактор да таңдана қарағандай. Өлеңге емес, менің тебіреністі күйіме.

Не айтар екен деп күткен жоқпын, өзім сөйледім. «Шағындап газетке басайық. Кім екенін біле берейін, өзі де хабарласып қалар» дегендей. Газет редакциясы ақынсыз бола ма, Матай бар, Шайхан бар – олар да жарыса мақтасты... Осылайша, Т.Әбдікәкімов атымен «Орталық Қазақстанның» бетінен жарқ ете қалған өлендер, әдеттегідей, әуелі редакция журналистерін таң қалдырды. Осыдан кейін, кешіккен жоқ, бір-екі айдан кейін кабинетке қаршығадай бір бала жігіт ұяла басып кірді. «Мен Тыныштықбек Әбдікәкімов деген авторыңыз боламын. Рақмет. Мені Семейдің облыстық газеті түгілі, Қарауылдың газеті де баспайды» деді. Іш-бауырым елжіреп кетті десем, артық айтқандық емес. Сентиментал жан едім ғой. Содан бастап, көп сырластық, әңгімелестік. Мәшинеме отырғызып, үйге алып кеттім. Ерттіп жүрдім. Өзімше ақыл айтып, тәрбиелеген шығармын. Жас адамға деген ілтифатым. Жанымынан ұзатқан жоқпын.

«Осы Қарағандыдан кетпе, келер жылы университетке түсіремін» дедім. Биылша кино-

механик оқытатын орында оқи тұруына келістік. Семей жағына барып келді. Оқыды. Өлендері «Орталық Қазақстанға» шығып жатыр. Тағы бір шәкіртім, өлең жазып талпынып жүрген Қуаныш Мақсұтов деген баламен таныстырып, «екеуің дос болындар» деп жақындастырдым.

Келер жылы Тыныштықбекім жаз ортасында Қарағандыға келді. Қарағанды университетіне құжат тапсырды. Алғашқы емтиханда жазбаша шығарма жазды. Әлі есімде, «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбындағы өлең-жырлар» деген тақырып болса керек. «Тақырыбы осылай, мен дастан жазып өткіздім» деп қарап тұр. Ол кезде білім саласындағы саясат бөлек, қатып қалған тәртіп, сенің талантың мен талайыңды не қылады. «Екі» алды да, қайтып кетті.

Содан бері шыны керек, Тыныштықбекті көрген жоқпын. Хабарласпады. Поэзия өлкесіне ол тыныш қана келіп, Бек болып шыға келді. Амандық-саулығына тілектеспін. ...1985 жыл болса керек, «Қазақ әдебиеті» газеті ашқан ақын деп, атақ даңқы республикаға жайылды. Ал мен не істедім? Кабинеттің бір бұрышында авторларға арналған бос үстел тұратын, соның үстіне Тыныштықбектің өлеңдерін жайып қойдым. Келгендер оқыды. Әлі есімде, бір күні әдебиетші-профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағалиев келгенде, сол өлендерге көзі түсіп, таң қалсын. Авторы қайда екенін сұрайды. «Быттыр өздерің «екі» қойып жіберген абитуриентіңіз осы» деп сырттай таныстырдым. Зәкең бар ғой, өтірік айтты демес. Газетке мақаласын бастыратын Бақыт Кәрібаева деген әдебиет сыншысы-доцент те оқып, таң қалды. Оған да соны айттым. «Сендер құлатып жібергенсіңдер» деп. Өкінген болды. Екінші тірі куәм, елге белгілі айтыс ақыны «қазақтың сары тентегі» атанған Қуаныш Мақсұтов деген ұлым Қарағандыда жүріп жатыр. Қалған әңгімені сол айтады.

Кейін бір кезі келіп, қазақтың құдалығында ананы-мынаны сөз қылып отырғанда, Тыныштықбек туралы Әбіш Кекілбаевқа айттым. Осындай ақын көргенмін деп. Көп әңгіменің арасында ғой, одан әрі дәл не туралы сөз болғаны ұмытылды. Әйтеуір: «Бауырына тартып алып, бала бұлтты емізген... Жартаст» деген теңеудегі Оқжетпес көз алдымда, есімде. Нар Кемпірбай нағашымның «Кеудемнен көгала үйрек хош деп ұшты...» дегені сияқты ма, қалай. Тыныштықбек солай жазса, мен де бүгін: «Бауырыма тартып

алып, Бала бұлтты еміздім. Сол бала бұлт қазақ поэзиясының аспанында өз орнын тауып, нәсерлете жыр төккен үлкен ақын болып ер жеткеніне қуанамыз. Тәубә деймін. Зарқын Тайшыбай. 24.03. 2017» деп жазып қойғаным, бертінде.

Сол Әбекең – Әбіш Кекілбаев та марқұм болды. Тыныштықбек туралы айтқан мына сөзін жазып қойыппын: Әбіш Кекілбаев: «Тынышбек Әбдікәкімов те біртүрлі ақын. Тек талантты ғана емес... Жә, ар жағын айтпай-ақ қоя тұралық. Әлі жас қой... Әлі жазар... Әлі жарқыраар... Айтарымызды айтып үлгерерміз әлі...

Біртүрлі ақынның біртүрлі кітабы жайындағы пікірімізді осылай біртүрлі аяқтағанды жөн көрдік... Айтпақшы, бар болғаны бес жүз данамен басылып, көп оқырманның көзінен көлеңке қалған кітаптың едәуір бөлігіне «Таң – Шолпан» жуық санында өз бетінен орын бермек. Оқырманы, ең болмағанда, жиырма есе көбейеді ғой. Жақсылықтары алдарынан шықсын, Алладан қайтсын! 4 қыркүйек, 2001 жыл».

36 жыл бұрын, шын жүйрікті шабысынан таныған Зақаң қателеспепті.

«О-ооу, балалық шағымның
Дала аңқыған мәңгі
мемлекеті,
Бесенесі – сенсің шекемнің.
Байрағың – бұзаутісті
бұжыр қамшысы Әкемнің!
Одан асар айбын бола
алмайды еш ұғым!
Әнұраның – Шешемнің
Күн нұры ойнаған әсем алдиді,
Елтаңбаң – періште
аңқыған бесігім!
Мен қазір сорлы
елде жүрмін,
Ата тілі де
тұныштықтырылып,
Ата мекені де сатыла
бастаған.

Қалатын, сірә, –
қайғы мүйізген боқ мыйым.
Қайдан пайда болды
бұл әулекіленген лас қоғам?
Ашынып айтқан
ақиқат-сөзімнің
құны – көк тыын» –
деп теңіздің асау толқында-рындай буырқанған жыр жазған Тыныштықбек аға поэзияның олимпіне көтерілді. 2018 жылы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағнды Зақаң талантты бір кезде жазбай таныған жас жігіт қазір 70-тен асып, ата болды. Елін сүйіп, бақытты ерге айналды! Тыныш ағаның өмірдегі, поэзиядағы тағдыры да – Тәңірісі! Олай болса, қазақтың бүгінгі хас зиялысы Зақаң әкемді де, мен тілге тиек еткен алдаспап ақындарды да Тәңір жарылқасын демекпін!

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Қазақта «Ана сүтімен, ана әлдиімен» деген мақал бар. Түріктер оны «Сүті қандай болса, қаймағы сондай» дейді.

Егер «Бір жылдықты ойласаң, егін ек, жүзжылдықты ойласаң, ағаш отырғыз, мәңгілікті ойласаң, бала тәрбиеле».

Өмірді күрес десек, күрестің бір ғана жеңімпазы бар, ол – бала тағдыры, тәрбиесі, денсаулығы мен бақыты. Егер балаңа дұрыс тәрбие берем десең, мына төрт нәрсеге көңіл бөлу көптік етпес. Көз – көзбен түйіс, түйсік – түйсікпен түсіне біл.

Көңіл – баланың әр ісіне, әрекетіне көңіл бөл. Тәртіп – әке-ана сөзі бір жерден шығу, әкені жоғары қою керек.

Баланы жеті жасқа дейін ханындай, ешнәрседен бетін қайтармай еркелетіп тәрбиелейсің.

Келесі жетіде оқ сәнің оқушың: үйретесің, оқытасың, кейде дауыс та көтересің.

Келесі жетіде ол сенің до-

сың: ақыл бересің, келешегі жайында ақылдасасың (жоғары оқу орны, жар таңдау т.б.).

Ал келесі жетіде (28-де) балаң осы өмір жолының барша-сының бағыт-бағдарын өзі қайталайды. Сөйтіп өмір кезегінен өте береді ғой.

Тәрбиенің нәтижесі алдыңнан шықса, қандай бақыт.

Қытайда бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген әке баласы 7 жасқа келісімен 80 жерге қоныс аударған екен. Неге?

Қай жерде бала тәрбиесі жақсы жолға қойылған, оқу орындарынан халқынан, көше тәрбиесінен қандай үлгі аларлық жай бар. Соны іздеген орта әсері деген осы емес пе?

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұрған жоқ па? Қазақ баласын үш сөзбен тәрбиелеген: Ұят болады, жаман болады, обал болады.

Өлімнен ұят күшті, жақсы сөз – жан азығы, әр нәрсенің

сұрауы бар деп айтады ғой.

Бұл күнде қалталы отбасының бала тәрбиесі өзгеріп кеткен бе деп қаласың, әлде бәсеке ме деп те ойлайсың.

Баласын шектен тыс үйірмелерге беріп, атын шығаруға тырысады, жүктеме өте көп болып баласын ауруханадан бір-ақ шығарады, әсіресе бірнеше сынып үшін. Бұл қандай тәрбиенің нәтижесі екенін өздері де түсінбейтіндер баршылық. Немереге атасының тізесі – алтын тағы деген де сөз бар. Жастайынан Ұлы Абайды тәрбиелеген Зере әжесі болса, Димашты әлемге танытқан әншілігімен, әртістігімен қоса, бойындағы тұнып тұрған рухани байлығы, мәдениеті, әдептілігі, кішіпейілділігі әжесінің берген қазынасы емес пе?

Алыстан қозғайық, жақыннан айтайық, тәрбиенің нәтижесін көріп, болашағымызға сеніммен қарайық.

Бұл күнде еліктеушілік, неше түрлі техникалық құрал-



дар, теледидардан көрсетілетін небір жексұрын фильмдер көнбейді. Балаларымыз керегін ғана алса екен дейміз.

Кімнің баласысың дегенде, «Еее... асылдың сынығы екенсің» деген сөзді естіген адамның қандай сезімде болатынын айтпай-ақ түсінікті емес пе? Балауса балғын шыбықты, тәрбиелеп, түзу де, зәулім байтерек етіп өсіруге болатын сияқты жас баланың да кейбір

мінездерін түзетіп, азамат тәрбиелеп шығару – ата-ананың да, ортаның да, оқу орындарының да міндеті дер едім.

Тек қана қолдан шығып кеткен соң, «өкіндім» демесек болғаны.

Әрине, жастардың бәрін бір жіпке тізуден аулақпын.

Абай атамыз айтқандай, бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болсын жастарымыз демекпін.

Ғазиза ИСАХАН:

АРХИВТІ ШАҢ БАСПАЙДЫ

Халқымыздың дәстүрі мен мәдениетінің, тарихи жадының қайнар көзі – архив құжаттарын көз қарашығындай сақтау, халыққа жеткізу қашанда маңызды саналады. Қазақстан тарихына қатысты шет мемлекеттердің архив қорларынан табылған құнды құжаттар мен тың мағлұматтар аз емес десек те, сан ғасырлық тарихи-мәдени өркениеттің өлшемімен пайымдағанда, бұл әлі қалың мұзтаудың жай беткі қабаты ғана сияқты көрінуі мүмкін. Төменде архив саласының осы және бұдан да басқа мәселелері туралы Астана қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза ИСАХАН баяндайды.



– Шетел архивтерінен Қазақстанның тарихына қатысты құжаттардың көшірмелерін алу, іздестіру жұмыстарына өзіңіз де көп атсалысып жүрсіз. Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың өмірі мен еңбектеріне қатысты шет ел архивтеріндегі тың деректер негізінде жазған мақалаларыңыз өз алдына бір төбе. Тұлға туралы деректердің дені қайдан табылды?

– Мұстафа Шоқай мұралары тағдыр жазуымен өз Отанынан жырақта жиналды. Оның жеке мұрағатын «Жаңа Сорбонна – Париж III» университеті жанындағы университетаралық шығыс тілдері және өркениеті институтының кітапханасына жары Мария 1953 жылы өткізген. Осынау мұрағаттық қор жөнінде алғаш «Түркістан» журналында Ә.Өктайдың «М.Шоқайдың мұрағаты мен кітаптары» деген мақала жарық көрді. Бұдан соң 1980 жылы араға біраз жыл салып Нью-Орлеан университетінің (АҚШ) профессоры Э.Лаззенини М.Шоқай қорын мазмұнына қарай он қорапқа жүйелеп салған екен. Үкіметаралық келісімшарттан кейін Іле-Шала Мұстафа Шоқай архивіндегі құжаттарды реттестіріп, көшірмесіне тапсырыс жасау үшін сарапшы маман ретінде маған жауапкершілік жүктелді. 2001 жылы шілдеде Парижде аттандым. Кезінде Мария Шоқай кітапханаға тапсырған он папкадағы құжаттарды хронологиялық, тақырыптық жағынан жүйелеп шықтым. Мұнан кейін өз тарапымыздан тапсырыс беріліп, микрофильмге түсірілді.

– Бұл құжаттар несімен ерекшеленеді?

– Париждегі университетаралық кітапханада сақтаулы М.Шоқайдың құжаттары жүйелілігімен назар аудартады. Қайраткердің «Иеңі Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарында, «Горей», «Вольный горей» және Парижде шығып тұрған орыс эмигранттарының «Дни», «Последние новости» газеттерінде, т.б. баспасөз беттерінде, шетел басылымдарында француз, поляк, түрік, т.б. тілдерде жарияланған мақалалары мен еңбектері (мазат қиындылары, кейбірінің қолжазбалары да бар), үш өлеңінің қолжазбасы (1919-1940); Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан республикаларының газет-журналдары мен «Известия», «Правда» газеттерінен жинаған ақпарат-конспект (1930-1939) дәптерлері және Кеңес Одағы мен жоғарыда аталған республикалардың орталық ресми басылымдарынан алынған газет қиындылары; Әскери тұтқындардың тізімі, тілхаттары, М.Шоқайдың Вали Каюмханға тұтқын

дардың халі, түркістандықтармен кездесуі жөнінде жазған хаты (1941); Кеңес Одағынан кеткен эмигранттардың өмірі мен қызметіне қатысты эмиграциядағы түрлі партиялар мен ұйымдар туралы материалдар (1920-1940); Украина, Кавказ, Еділ-Орал және Түркістан халықтарының ұлтты құтқару күресіне қатысты материалдар (1920-1940 жж.) сияқты т.б. бұрын-соңды бізге беймәлім болып келген қаншама құнды дерекке қол жеткіздік.

– М.Шоқай тағдырына қатысты тағы қандай деректерді алға тартар едіңіз?

– Ұлттық архив қорына осыларға қоса 2003-2005 жылдары Ресей, Өзбекстан, Башқұртстан мемлекеттік архивтеріндегі деректер де жинақталды. Өзбекстан архивінен М.Шоқайдың Ташкент семинариясында оқығандығы туралы, 1916 жылы Ташкентке келген сапары жайында құжаттар сақталса, Башқұртстан архивінен З.Валидидің жеке архивінен М.Шоқайға қатысты архив деректері алынды. Санкт-Петербург қаласының тарихи архивіндегі Санкт-Петербург университетінің қорында М.Шоқайдың жеке ісі сақталған. Оның алғашқы парағы Мұстафаның университет ректоры атына оқуға қабылдауды сұраған өтінішпен басталады. Құжат жиегіне 1910 жылдың 30 маусымында құжат қаралғанын, осы жылдың 6 шілдесінде студент қатарына қабылданғаны туралы жазылған. Іске М.Шоқайдың сынақ кітапшасы, университетте оқыған кездегі төлеген жарналарының түбіртектері қоса жалғанған. 1914 жылғы 15 қыркүйектегі заң факультеті деканына Санкт-Петербург университетінің толық курсынан аяқтағаны, соған байланысты оқу бітіргені туралы куәлікті сұраған өтінішінде өзі тұратын мекенжайын «Петроград. Провиантская 10, кв. 25» деп көрсетеді. Өтініш арнайы бланкіде жазылған, онда оқу бітіргені жөніндегі куәлікті арыз берген соң екі апта ішінде алу керектігі және куәлік алған соң, Санкт-Петербург қаласында тұруға берілген рұқсат қағазды қайтару тиістігі ескертілген. Сондай-ақ бұл істе Ташкент ерлер гимназиясын бітіргені туралы көмелеттік аттестат, сол қалада түсірілген М.Шоқайдың екі фотосуреті сақталған. Мәскеудегі Ресейдің әскери тарихи архивінен де Түркістан ұлттық бірлігінің қызметіне қатысты біршама тың мағлұматтар табылып, жекелеген құжаттардың көшірмелері елімізге оралды.

2004 жылы демеушілер қаржысына ұлыбританиялық коллекционер М.Басхановтан «Яш Түркістан» журналының 1931-1936 жылдар аралығын-

дағы 67 түпнұсқа нөмірі сатып алынса, түркиялық отандасымыз, тарихшы ғалым Әбдуқап Қара 1927-1931 жылдар аралығындағы «Иеңі Түркістан» журналының толық нұсқасының көшірмелерін сыйлады. 2005-2007 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Германия мұрағаттарындағы деректердің біршамасы анықталды. Польшаның жаңа актілер мұрағатынан «Прометей» Лигасының жекелеген құжаттарының көшірмесі алынды. Түрксойдың қолдау көрсетуімен 2010 жылы Мұстафа хаттарының Түркиядан табылған түпнұсқалары, Тахир Шағатайдың жеке архивінен алынған 84 хаты мен бірнеше қолжазбаларын Мұзафар Ақшора деген азамат Орталық мемлекеттік архив қорына тапсырды. 2011 жылы Польша Республикасының Қорғаныс Министрлігіне қарасты Болеслав Валигори атындағы Орталық әскери архивтен «Прометей» Лигасының қызметі, жекелеген ұлттық эмигранттық ұйымдар шығарған газет-журналдар туралы, сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы қызметіне байланысты тың деректер табылды.

– Белгілі тұлғалардың жеке архив қорын жинақтаумен қай уақыттан бері айналысып келесіз?

– Қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін баяндайтын деректі құжаттық мұраларды жинастыру дегеніміз – өте бір жауапкершілігі мол, ауқымды жұмыс. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде қызмет жасап жүргенде 1996 жылы Өзбекәлі Жәнібеков, Олжас Сүлейменов, Асанбай Асқаров, Санжар Жандосов, 1997 жылы Ақжан Машани, Зейнолла Қабдолов, 1990-2000 жылдары Әзілхан Нұршайықов, Шакен Ниязбеков, Қасым Қайсенов, Бибігүл Төлегенова, Марс Рафиков (ұшқыш, 1- космонавтар отрядының мүшесі), Асқар Токпанов, Жүсіп Сахияев, Советхан Ғаббасов, Сәрсенбі Дәуітұлы, Әнуар Ипмағамбетов сынды т.б. көптеген айтулы тұлғалардың жеке мұрағатын архив қорына алуға атсалыстым. Отыз жылдан аса архив саласында қызмет етіп келемін. Соған қарамастан олармен кездескен немесе ұрпақтарынан құжаттарын қабылдаған сәуелі стерттердің жадымдағы жарқын беттері әлі күнге дейін санамда жаңғырып тұр.

Бұдан бөлек араб, латын әріптерімен жазылған деректерді оқи алуымның арқасында Мағжан Жұмабаевтың бұрын жарияланбаған 2 өлеңін, Лияз Жансүгіровтің, Фатима Ғабитованың хаттарын, Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасын қағазға түсірдім.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнін-

дегі Мемлекеттік комиссияның материалдары сериясымен жарық көрген көптомдық жинақты топтастыруға сіздің де сіңірген еңбегіңіз бар. Астана қаласы бойынша қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия мүшесі ретінде осы көптомдық туралы не айтар едіңіз?

– Астана қаласының архив қорларында сақталған XX ғ. 20-40-жылдарындағы саяси науқандар мен жаппай қуғын-сүргінге қатысты бұйрықтар мен нұсқаулықтар, қаулы-қарарлар мен шешімдер, қуғынға ұшыраған жергілікті тұрғындардың арыз-шағымдары мен талаптары, ресми баяндау жазбалары, статистикалық мәліметтер және сайлау құқығынан айырылған адамдардың тізімдері Ақмола өңірінің қоғамдық-саяси өмірі мен дәстүрлі шаруашылығындағы түбегейлі өзгерістер, халық өкілдерінің азаттық жолындағы күресі мен қызметі, әскери-саяси жағдай, ашаршылықтың салдары, тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айырылған адамдардың жанайқайы мен шетел асуга мәжбүр болған босқындардың таралу аймағын көрсетеді, сол заманның тынысын сездіреді.

Сталиндік диктатураның құрбаны болған, қуғын-сүргін көргендердің қасіреті – тек жекелеген адамдардың емес, дәуір қасіретінің бір бөлігі. Сол кезеңде не болғанын түйсіну, сол кезеңнің тарихын қалпына келтіру тек сол кезеңдегі адамдардың өмірін, тұрмыс-тіршілігін толық зерттеу арқылы ғана қол жеткіземіз.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) сериясымен көптомдық жинақ әзірленді. Комиссия материалдарының 23-томы «Ақмола өңірі – архив құжаттарында (1920-1940 жж.)» құжаттар мен материалдар жинағы, 48-томы «Ақмола өңіріндегі саяси қуғын-сүргіннің құрбандары» жинағы, 70-томы «Халық жады. Астана қаласы. Саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің, оқиғалардың куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері мен сұхбаттарының жинағы» Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Астана қаласы бойынша өңірлік комиссия мүшелерінің құрастыруымен әзірленді.

Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселесі кеңестік жүйенің көлеңкелі құжаттарын ашуға мүмкіндік жасады, белгісіз деректер айналымға қосылды, «құпия» құжаттарды зерделеу мәселені әр қырынан түсінуге, тарих ғылымы үшін белгісіз деректерді нақтылауға жол ашты.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС

«ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ»

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі - Департамент) қатысуымен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларының өкілдерімен бірге «Онлайн бюджеттік мониторинг» ақпараттық жүйесін пайдалану нәтижелері және оны дамыту перспективалары бойынша кеңейтілген кеңесті өткізді.

Кеңес барысында «Онлайн бюджеттік мониторинг» жүйесінің енгізілуі және оның нәтижелері бойынша талқыланды.

Мәселен, 2024 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бірлесіп тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы

№597 бұйрығымен бекітілген) сәйкес «Онлайн бюджеттік мониторинг» платформасын әзірледі. Бұдан әрі білім саласына Департамент 122 хабарлама 513,7 млн теңге сомасына жолдады, оның ішінде 46,0 млн теңге сомасына 28 хабарлама расталды және бұл сома бюджетке өтелді. 2025 жылғы 01 сәуірден бастап бақылау бағыттары үш негізгі салаға дейін кеңейтілді: денсаулық сақтау, спорт және мәдениет. Мониторингтің жаңа кезеңі бұзушылықтарды жедел анықтауға және мемлекеттік ресурстарды қорғауға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі күшейтілген шараларды көздейді.

Сонымен қатар, онлайн-мониторинг шеңберінде тәуекелмен таныстыра отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың маңыздылығына ерекше назар аударылды.

АЗАМАТТЫҢ ӨТІНІШІН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ АТҚАРУЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫС ЕНГІЗІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тексеру жүргізеді және қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсету, қолайлы жағдайлар жасау және бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытындағы жұмыстарға аса мән береді.

Осылайша, ағымдағы жылдың 2 тоқсанында Департаментке елорда тұрғыны мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу барысында Халыққа қызмет көрсету бөлімінде регламент уақытын сақтамау фактісінің орын алғандығы жөнінде шағымды келіп түсті.

Шағымды қарау барысында, азаматша «Азаматтық хал актілері мен жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді қоса алғанда, қайтыс болуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша жүгінгеніне жеке кезекте күту уақыты 1,5 сағаттан аса болғаны анықталды.

Мемлекеттік қызмет көрсету

заңнама талаптарына сәйкес, құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минутты құрайды.

Осы негізде, Департаменттің ұсынысы негізінде шағымды қарау нәтижесі бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиал басшылығына қызмет алушылар тарапынан наразылық тудырмау және шағымдарды болдырмау мақсатында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру үшін тиісті шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізілді.

Егер де Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша түрде немесе электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Оtinish» біріншілік платформасы және «EgovKzBot2.0» telegram-бот арқылы «Үкіметтің орғанға өтініш» бөлімінде жүгіне аласыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ В ЖӘНЕ С ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРІ: АУРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. В ЖӘНЕ С ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРІ: ЕМХАНАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ, ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

АИТВ-инфекциясы мен В және С вирустық гепатиттері – берілу жолдарының ұқсастығына және әлеуметтік маңыздылығына байланысты ең өзекті инфекциялық аурулардың қатарына жатады. Бұл инфекциялардың бірігуі, әсіресе қауіп тобындағы адамдар арасында, аурудың ағымын айтарлықтай ауырлатып, емнің тиімділігін төмендетіп, өлім қаупін арттырады. Қазіргі заманауи диагностика, емдеу және алдын алу тәсілдері мамандардың кешенді өзара іс-қимылын және пәнаралық көзқарасты талап етеді.

В және С вирустық гепатиттері – бұл бауырға әсер ететін және жедел немесе созылмалы түрде өтуі мүмкін вирустар тудыратын жұқпалы аурулар. В гепатиті сыртқы ортада жоғары төзімділігімен сипатталады, ал С гепатиті вирусының төзімділігі төмен. В және С гепатиттері жұрмыстық қарым-қатынастар жолымен және әдеттегі қарым-қатынас арқылы жұқпайтынын түсіну маңызды.

Тарату жолдары мен белгілері, В және С вирустық гепатиттері таратылуының негізгі жолдары:

- * Жыныстық жол.
- * Жұқтырған адамның қанымен түйісу (стерильді емес иінелер, маникюр керек-жарақтары, медициналық манипуляциялар, пирсингтер, татуировкалар).
- * Жүктілік, босану немесе емшек сүтімен емізу кезінде анадан балаға.

В және С гепатиттер вирустары зақымдалмаған тері және шырышты қабықтар арқылы енебейді, бұл тұрмыстық таратылуын болдырмайды.

В гепатиттің өткір белгілері инфекциядан кейін 6 аптадан 6 айға дейін пайда болады және әлсіздік, жүрек айнуы, оң жақ қабырға астының ауырсынуы, сарғаю, терінің қышуы, күңгірт түсті зәр және ашық түсті нәжісті қамтиды. Ауыр жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін «найзағай» гепатиті дамины. Жедел нысаны көбінесе қалпына келтіруімен аяқталады, бірақ паци-

енттердің 10-20%-да ол созылмалы түріне айналады.

С гепатиті жиі белгілеріненсіз өтеді, бірақ зардап шеккендердің 75%-да созылмалы гепатит дамины, бұл бірнеше жылдан кейін бауыр циррозы мен бауыр ісігіне әкелуі мүмкін. Өткір С гепатитінен болатын өлім өте сирек кездеседі.

Диагностикалау:

В және С вирустық гепатиттерін диагностикалау үшін қандағы вирустық генетикалық материалдар анықтау үшін арнайы вирус маркерлерін және полимеразды тізбекті реакцияны (ПТР) анықтау үшін иммуноферменттік талдау (ИФА) сияқты зертханалық әдістер қолданылады.

Емдеу:

В және С гепатиттерін емдеудің нақты әдісі жоқ, алайда созылмалы түрлерін емдеу мамандандырылған медициналық мекемелерде (гепатология орталықтар) жүргізілетін вирусқа қарсы терапияны қамтуы мүмкін. Аурудың дамуын болдырмау үшін дәрігердің үнемі бақылауынан өту маңызды.

Алдын алу:

1. Медициналық мекемелерде санитариялық нормаларды сақтау.
2. Вирустың тасымалдаушысымен жыныстық қатынас кезінде презервативтерді қолдану.
3. Вирустық гепатиттерін ауыратын науқастардың отбасындағы жеке гигиена құралдары.
4. Маникюр, пирсинг, татуировка үшін бір реттік құралдарды қолдану.
5. В гепатиті вирусына қарсы вакциналау (С гепатитіне қарсы вакцина жоқ).

Осы жұқауларды орындау инфекция қаупін азайтуға көмектеседі. Тұрақты тексерулер мен уақтылы вакциналау вирустық гепатиттер мен олардың асқынуларының дамуына жол бермейді.

Г.ШАЯХМЕТОВА, Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» инфекционист-дәрігері

«Astana aqshamy» газетінің ұжымы басылымның бұрынғы қызметкері, белгілі жазушы, журналист, аудармашы **Мақсат Ізімұлының** өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына, әріптес-достарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№67 (4811) 10/06/2025 Сейсенбі

«ТАНАКӨЗ» – ҮЗДІК СПЕКТАКЛЬ

Астананың Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының «Танакөз» қойылымы «Ticketon Awards-2024» нұсқасы бойынша «Жылдың үздік спектаклі» атанды.



Мұхтар Шахановтың поэмасының желісімен қойылған спектакльдің режиссері – Әли Бидахмет қойылым арқылы Мұхтар Шахановтың шығармашылығын көпшілікке танытқысы келгенін ерекше атап өтті.

«Бұл – таза махаббат пен достық жайлы шығарма. Бұл мен үшін өте маңызды. Себебі қазір мұндай шынайы қарым-қатынастарды кездестіру қиын. Басты кейіпкерлер – Мұхтар мен Мұрат бала күннен таныс

Танакөзге ғашық болады. Олардың бірі қыздың жанында қалады, ал екіншісі қалаға кетеді. Бірақ Мұхтар мен Мұрат достықтарын соңына дейін сақтайды. Сонымен бірге спектакльдің көркемдік шешімінде ерекше орын алған – сахнадағы үлкен бассейн. Бұл – тазалықтың метафорасы. Су – бұл өмір, әрі таза сезімнің символы. Енді, міне, осы қойылым арқылы біз мақсатымызға жеткен сияқтымыз. Қойылым аншлаппен өтті. Астаналық көрермен спектакльге өз ризашылықтарын да білдірді. Бізбен бірге автор Мұхтар Шаханов та гастрольге шығып, көрермендерге қолтаңба беріп, кітаптарын тарту етті. Бұл – шығармашылық ұжымның көрерменмен тығыз байланыс орнатуына ықпал етті» дейді режиссер Әли Бидахмет.

Сондай-ақ «Жыл киноактері» және «Жыл актрисасы» номинациялары бойынша Дәурен Серғазин мен Айым Түсіпбекова – «Жастар» театрының актерлері марапатталды.

КӨРНЕКТІ РЕДАКТОРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Елордада Ақмола облыстық «Арқа ажары» (бұрынғы «Коммунизм нұры») газетінің бұрынғы бас редакторы, белгілі журналист-публицист Октябрь Қайырұлы Әлібектің 90 жылдығына арналған рухани-шығармашылық іс-шара ұйымдастырылды.

Өңір журналистикасын дамытуға орасан үлес қосқан, қаламгерлік қайраткерлігімен, ұлтжандылық қасиетімен, шәкірт тәрбиелеуші ұстаздығымен ерекшеленген Октябрь Қайырұлы облыстық газетті 16 жылдай басқарып, республикадағы басылымдардың алдыңғы қатарына жетелей білген ардақты азамат еді. Қайраткер журналисті ұйымдастырушылық қабілеті, жұмысқа деген тиянақтылығы, әділеттілігі мен талапшылығы үшін облыс басшылығы мен журналистер қауымдастығы, жалпы жұртшылық ерекше құрмет тұтты.

Октябрь Қайырұлының ерен еңбегі «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше мемлекеттік медальдармен, басқа да қоғамдық және шығармашылық марапаттаулармен бағаланды. Адал еңбек пен кәсібилікті өміріне мұрат еткен журналистің әралуан тақырыптағы шығармалары оқырман үшін айрықша олжа саналатын.

Рухани-шығармашылық іс-шара барысына жиналған журналистер шәкірттері мен ағайын-туғандары Октябрь Қайырұлының жарқын өмірі



туралы естеліктерін айтып, бейнефильм көрсетілді. Жиналған жұрт қайраткер қаламгердің 90 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шарада журналист, «Бас редакторлар клубы» бірлестігінің вице-президенті Мұратбек Тоқтағазиннің құрастыруымен жарық көрген «Медиа-кеңістік майталманы» атты кітаптің тұсаукесер рәсіміне куә болды. Бұл

жинақта Октябрь Қайырұлы туралы замандастарының, әріптестерінің, қазақ журналистикасының көрнекті өкілдерінің естеліктері мен эсселері жарияланған.

Кеш соңында Октябрь Әлібектің жары, белгілі журналист Рахия Әлібекова жиналған жұртшылыққа жүрекжарды ризашылығын білдірді.

ҰСТАЗҒА – ІЛТИПАТ

Елордада күйші, композитор, дирижер әрі ұлағатты ұстаз Жақсылық Мұқановтың шығармашылығына арналған I аймақтық өнер байқауы өтті. Іс-шара жас музыканттардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, дарынды оқушылар мен ұжымдарды қолдауға бағытталды.

Ауқымды өнер додасына Астана қаласы мен Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері, балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің 100-ден астам оқушысы қатысты. Байқау екі бағытта ұйымдастырылды: жеке орындаушылар (домбыра, дәстүрлі ән) және ансамбльдік ұжымдар

(фольклорлық ансамбльдер, бір тектес домбырашылар, қобызшылар). Жеке орындаушылар кіші (10-11 жас), орта (12-13 жас) және жоғары (14-16 жас) топтар бойынша өнер көрсетті. 70-тен астам жас өнерпаз домбыра, қобыз және өзге де ұлттық аспаптарда шеберлігін көрсетіп, дәстүрлі әндер

орындады. Төрелік еткендер – Қазақ ұлттық өнер университетінің профессор-оқытушылары мен филармония ансамбльдерінің жетекшілері.

– Байқаудың басты мақсаты – Жақсылық Мұқановтың музыкалық мұрасын насихаттау, ұлттық өнерге қызығушылықты дамыту, талантты жастардың кәсіби

бағдарына жағдай жасау. Бастама жастардың сахналық мәдениетін қалыптастыруға жол ашады, – дейді ұлағатты ұстаздың жұбайы Қарлығаш Мұқанова.

Айнамкөз БҮРКІТХАН,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің
студенті



BAIQONYR RUN ЖАРЫСЫ

Елордада «Астана – есірткісіз қала» акциясы аясында «BAIQONYR RUN» жеңіл атлетикалық жарысы өтті.

Жарыс қалалық әкімдік пен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының бірлесуімен өткізілді. Қатысушылар «Алатау» спорт кешені маңындағы аумақта 4 шақырым қашықтыққа жүгірді.

Спорттық шараға 500-ден астам адам қатысты, олардың қатарында 10 жастан асқан балалар мен ересектер болды.

Сондай-ақ қатысушыларға естелік медальдар табысталып, 10 велосипед ұтысқа тігілді.

«Жарыстың мақсаты – Астанада өтіп

жатқан есірткіге қарсы акция аясында әсіресе жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау. Біз олардың шылым шегу және зиянды заттарды қолдану секілді теріс әдеттерден аулақ болуына, спортқа бет бұруына жағдай жасағымыз келеді. Өкінішке қарай, бүгінде жастар арасында мұндай зиянды әдеттер жиі кездесіп жатады, ал біз бұған қарсы тұруымыз керек» деді елордадағы спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербай.

БАПКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Астана қаласының №62 мектеп-лицейінде Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қайыр Жарылғасынов, КСРО-ның бокс ардагерлері Жоламан Жанмолдин мен Айсұлтан Түсіпбекұлының құрметіне бокстан жасөспірімдер арасындағы қалалық ашық турнир өтті.

Жоламан Жанмолдин мен Айсұлтан Түсіпбекұлы – ұзақ жылдар Ақмола облысында бокстан жаттықтырушы болған белгілі спорт ардагерлері. Олардың қол астында жаттыққан шәкірттері республикалық және халықаралық жарыстарда топ жарып, спорт шеберлері атанған. Ал Жоламан Жанмолдиннің төл шәкірті Қайыр Жарылғасынов ертеректе Егіндікөл және Астрахан аудандарында боксты дамытуға айтарлықтай үлес қосып, кейіннен Астанадағы Қажымұқан атындағы спортқа дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернатта жемісті еңбек етті. Бапкерлік жолында бірнеше халықаралық дәрежедегі, сондай-ақ Қазақстанның спорт шеберлерін дайындаған.

«Бүгінде зейнеткерлікке шыққан ардагер бапкерлеріміздің еңбегін ешқашан ұмытпаймыз, осы жарыс – сол құрметіміздің белгісі. Жоламан

ағай, Айсұлтан ағай – Ақмола өңірінің спортын дамытуға орасан үлес қосқан жандар. Ал Қайыр Жарылғасынов ағамыз КСРО кезінде жақсы боксшы ретінде танылса, еліміз тәуелсіздік алғалы шәкірт дайындаумен айналысты. Міне, осындай еңбектері үшін құрметпен қарап, республикалық ашық турнир өткіздік» дейді жарысты ұйымдастырушы, №62 мектеп-лицейдің дене шынықтыру пәні мұғалімі әрі бокс жаттықтырушысы Ерлан Дөрбетхан.

Бапкерлер құрметіне арналған жарысқа Ақмола облысы, Абай облысы, Қарағанды облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы және Астана қаласынан 200-ден астам жасөспірім боксшылар қатысты.

Жеңіс тұғырына көтерілген барлық боксшыларға дипломдар, медальдар және сыйлықтар табыс етілді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 67

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉ Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС